Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу Комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті

№19 ХАТТАМА

2026 жылғы 11 қыркүйек Павлодар қ.

«Simcon» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және өткізу қызметтеріне жария тыңдау бойынша отырыс

Тыңдауды ұйымдастырушы, орналасқан жері: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті (бұдан әрі-Департамент), Павлодар қаласы, Ак. Сәтбаев көшесі, 136, каб. 419.

Өтетін орны: Павлодар облысы, Ақсу қаласы, Марғұлан көшесі, Ғимарат 2.

Қоғамдық тыңдауды өткізу күні және уақыты 2026 жылдың 11 қыркүйекте сағат 11:00-ден 11:30-ге дейін.

Төраға: Кишкентаева Карлыга Мухаммедиевна Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті табиғи монополиялар мен бағаларды реттеу бөлімінің басшысы;

Хатшы: Шахметова Зауре Дауреновна Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті табиғи монополиялар мен бағаларды реттеу бөлімінің бас маманы;

Қатысты:

Булкаиров Бауржан Шаймуратович - «Simcon» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры

Барлығы: 3 адам қатысты.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Simcon» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және өткізу қызметтеріне тарифті бекітуге өтінімді талқылау

1.1. Ашылу сөзінде көпшілік тыңдаулардың төрағасы - Карлыга Мухаммедиевна Кишкентаева қатысушыларды күн тәртібімен және «Simcon» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жылу энергиясын өндіру, беру, тарату

және өткізу қызметтеріне тарифті бекітуге арналған өтінімді қарау бойынша тыңдаулардың өткізу регламентімен таныстырды.

1.2. «Simcon» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Булкаиров Бауржан Шаймуратович тыңдалды, ол тұтынушыларға көрсетілетін реттелетін қызметке мәлімделген тарифтің деңгейі туралы айтты.

Қатысқан көпшілік тыңдауларға қатысушылар ұсынылған жоба бойынша ұстанымын білдірді, қызықтырған сұрақтарын қойды.

Департамент қоғамдық тыңдау барысында айтылған барлық ұсыныстарды, ескертулер мен ұсынымдарды қарайды және ескереді.

2. Қоғамдық тыңдауларды қорытындылау және жабу

жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және өткізу қызметтеріне тарифті бекіту жөніндегі шешімді Департамент заңнамада белгіленген мерзімдерде қабылдайтын болады.

К.М. Кишкентаева көпшілік тыңдауларға белсенді қатысқаны үшін барлық қатысушыларға алғысын білдірді.

Көпшілік тыңдаулардың төрағасы **К.М. Кишкентаева**